

"Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құралдарын кеден мақсаттары үшін қолдану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2003 жылғы 22 мамырдағы N 227 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2007 жылғы 10 мамырдағы N 122 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 12 маусымдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4728 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 424-бабына сәйкес,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

"Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құралдарын кеден мақсаттары үшін қолдану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2003 жылғы 22 мамырдағы N 227 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2307 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2004 жылы, N 37-40, 1017 бет. жарияланған, "Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құралдарын кеден мақсаттары үшін қолдану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 22 мамырдағы N 227 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 22 шілдедегі N 357, (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 24 мамырдағы N 2307 болып тіркелген)", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2419 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2004 жылы, N 37-40, 1017 бет. жарияланған, "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қаржы вице-министрі - Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5

қыркүйектегі N 339 бұйрықтарымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3864 болып тіркелген, "Заң газетінде" 2005 жылы 22 желтоқсанда N 239 (973) жарияланған, мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Осы бұйрықпен бекітілген, "Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құралдарын кеден мақсаттары үшін қолдану ережесін бекіту туралы" ережесінде:

1 3 - т а р м а қ т а :

"кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына үміткер заңды тұлға" деген сөздері алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

13-1. Өзінің қызметін кеден брокері ретінде жүзеге асыру құқығына үміткер заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 400, 401-баптарымен тізімі анықталған құжаттармен бірге кедендік құжаттардың электронды көшірмелерін қалыптастыру жөніндегі талаптарға сәйкес келетін бағдарламалық өнімді сатып алуға және/немесе пайдалануға арналған шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің сәйкестігіне жазбаша растама ұсынады";

1 8 - т а р м а қ т а :

"үш күндік мерзімде" деген сөздер "лицензиямен бірге" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 3 - т а р м а қ т а :

"жүргізілген өзгерістер туралы" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Ақпараттық технологиялар басқармасы (Д.А. Жүкенов) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті ұйымдастырушылық жұмыс және бақылау басқармасы (С.С. Молдабаев) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Төраға